

КЕЛІСІЛДІ
АО «ХАТУ» АҚ
Оқу-әдістемелік кеңесінің
Төрағасы

 Мустафина А.К.

«12» желтоқсан 2024 ж. ОӘК № 3 хаттамасы

БЕКІТЕМІН
«Халықаралық ақпараттық
технологиялар университеті» АҚ
Басқарма Төрағасы - Ректоры



Исахов А.А.

«28» ақпан 2025 ж. ҒК № 10 хаттамасы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B04105 Қаржылық технологиялар

Білім беру саласының коды мен жіктелуі: 6B04 Бизнес, басқару және құқық

Дайындау бағытының коды мен жіктелуі: 6B041 Бизнес және басқару

Білім беру бағдарламаларының тобы: B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі

БХСЖ бойынша деңгей: 6

ҰБШ бойынша деңгей: 6

СБШ бойынша деңгей: 6

Берілетін академиялық дәреже: "6B04105 Қаржылық технологиялар" білім беру
бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры

Оқыту мерзімі: 3, 4

Кредиттер көлемі: 240 ECTS

КЕЛІСІЛДІ


«__» 2025 г.

КЕЛІСІЛДІ


«__» 2025 г.

Алматы қ., 2025 жыл

Білім беру бағдарламасының атауы, шифры: 6B04105-Қаржылық технологиялар

№ п/п	Білім беру бағдарламасының әзірлеушілері (Лауазымы, ғылыми дәрежесі, академиялық дәрежесі, Т.А.Ә.)	Қолы
1	Бейсен Е., қаржы ғылымдарының магистрі, «Экономика және бизнес» кафедрасының сениор-лекторы, «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ.	

Мазмұны

Қысқартулар мен белгілер тізімі	4
1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы	5
2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	5
3. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	6
4. Кәсіптік стандарттар (КС), кәсіп карточкалары, еңбек функциялары.....	7
5. ББ құзыреттерінің тізімі.....	7
6. ББ оқыту нәтижелерінің тізімі	8
7. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижесі мен қалыптастырылатын құзіреттермен сәйкестендіру матрицасы (V)	9
8. ОН-нің еңбек функцияларымен байланысы	9
9. Құзыреттер, оқыту нәтижелері, бағалау критерийлері мен әдістері өзара байланысының кестесі.....	10
10. Білім беру бағдарламасының модульдері туралы мәліметтер.....	12
11. Білім беру бағдарламасы пәндері туралы мәліметтер.....	17
12. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары (Платонус).....	29
13. Қосымша білім беру бағдарламалары (Minor)	34

Қысқартулар мен белгілер тізімі

БП	Базалық пәндер циклы
БҚ	Базалық құзірет
БМ	Базалық модуль
ЖК	ЖОО компоненті
ЖБ	Жоғары білім
МЖБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ББҚТ	Білім берудің қосымша түрлері
ЕБШ	Европалық біліктілік шеңбері
ЕБҚ	Европалық білім қоры
ББД	Білім, білік, дағды
ҚА	Қорытынды аттестаттау
ТК	Таңдау компоненті
БХСЖ	Білім берудің халықаралық стандартты жіктелуі
ҰБШ	Ұлттық біліктілік шеңбері
ҰБЖ	Ұлттық біліктілік жүйесі
ЖГМ	Жалпы гуманитарлық модуль
МК	Міндетті компонент
ЖБМ	Жалпы білім беру модулі
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері циклы
ББ	Білім беру бағдарламасы
ЖКМ	Жалпы кәсіптік модуль
СБШ	Салалық біліктілік шеңбері
ЖБҚ	Жалпы білім құзіреті
БеП	Бейіндеуші пәндер циклы
КП	Кәсіптік практика
КС	Кәсіптік стандарт
ЖКБ	ЖОО-дан кейінгі білім
КҚ	Кәсіби құзірет
КМ	Кәсіптік модуль
ОН	Оқыту нәтижесі
СМЖ	Сапа менеджментінің жүйесі

1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

«Қаржылық технологиялар» білім беру бағдарламасы маңызды модульдер мен элективтерді біріктіре отырып, негізгі сандық және аналитикалық дағдыларды, қаржы секторы туралы білімді және тәжірибелік оқыту арқылы практикалық тәжірибені ұсынады.

Бағдарлама қаржылық инновацияларды түсінуге, іске асыруға және қажет болған жағдайда дамытуға мүмкіндік береді, тиісті құралдар мен әдістерді қолдануға үйретеді. Сондай-ақ, бағдарлама қаржы саласына қатысты ірі деректер жиынтығын жасау, басқару және талдау үшін аналитикалық дағдыларды дамытуға, сондай-ақ қаржылық технологиялар саласындағы өзекті мәселелерді сыни тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында қолданылатын бірқатар бағдарламалау құралдары нақты уақыт режимінде қаржылық модельдерді жүзеге асыруды жеңілдетіп, инвестициялық шешімдер мен деректерді талдауға және бағалауға мүмкіндік береді.

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

БББ мақсаты - Үлкен деректерді, блокчейнді және жасанды интеллектті пайдалана отырып, цифрлық қаржылық шешімдерді әзірлеуге, талдауға және енгізуге қабілетті қаржылық технологиялар (FinTech) мамандарын даярлау. Түлектер корпоративтік қаржылық тиімділікті бағалауға, цифрлық қаржы өнімдерін әзірлеуге және цифрлық қаржы экожүйесінің динамикалық талаптарына тиімді жауап беруге қабілетті болады..

БББ міндеттері:

1. Студенттердің кәсіби қызметінде әлеуметтік-этикалық құндылықтарға сүйену қабілетін, Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін меңгеруін қалыптастыру арқылы олардың кең дүниетанымы мен ойлау мәдениеті бар жоғары білімді тұлға ретінде дамуына ықпал ету;
2. Нарықты маркетингтік талдау, саланың немесе индустрияның жай-күйін бағалау, математикалық-статистикалық әдістер мен қаржы-экономикалық үдерістерді модельдеу негізінде болжау жасау дағдыларын қалыптастыру, ИКТ қолдана отырып нақты бизнес (өндірістік) міндеттерді шешу;
3. Жобалық топтармен, мүдделі стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу, топтарды тиімді ұйымдастыру және жобаларды (оның ішінде инвестициялық жобаларды) әзірлеу мен іске асыруды басқару қабілеттерін қалыптастыру; кәсіпорын мақсаттарына жету үшін жергілікті және халықаралық қор нарықтарынан қажетті және жеткілікті ресурстарды (еңбек, қаржы және т.б.) тарту;
4. Қазіргі заманғы қаржы ұйымдарының бәсекелі ландшафты жағдайында тиімді жұмыс істеу дағдыларын үйрету: экожүйе стратегиясын құру, жаңа fintech-маркетплейстерді disruptive технологияларды қолдана отырып дамыту, сондай-ақ алаяқтық тәуекелдерін төмендететін қауіпсіз операцияларды жүзеге асыру үшін блокчейн технологиясын пайдалану;
5. Банк пен компанияның инвестициялық стратегиясын әзірлеуге, қалыптастыруға және іске асыруға қатысуға даярлау; іргелі және техникалық талдауды ескере отырып, қаржы технологиялары мен өнімдерін жобалау және олардың тәуекелдерін бағалау.

3. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

№	Атауы	Ескерту
1.	Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B04 Бизнес, басқару және құқық
2.	Дайындық бағытының коды мен жіктелуі	6B041 Бизнес және басқару
3.	Білім беру бағдарламаларының тобы	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі
4.	Білім беру бағдарламасының атауы	Қаржылық технологиялар
5.	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Үлкен деректерді, блокчейнді және жасанды интеллектті пайдалана отырып, цифрлық қаржылық шешімдерді әзірлеуге, талдауға және енгізуге қабілетті қаржылық технологиялар (FinTech) мамандарын даярлау. Түлектер корпоративтік қаржылық тиімділікті бағалауға, цифрлық қаржы өнімдерін әзірлеуге және цифрлық қаржы экожүйесінің динамикалық талаптарына тиімді жауап беруге қабілетті болады.
6.	Білім беру бағдарламасының түрі	Инновациялық бағдарлама
7.	Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	6
8.	Салалық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	6
9.	Бағдарламаның айрықша ерекшеліктері	Қосдипломды БББ
10.	Серіктес ЖОО	Tenega National University (UNITEN)
11.	Берілетін академиялық дәреже	"6B04105 Қаржылық технологиялар" білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры
12.	Оқу мерзімі	3, 4
13.	Кредиттер көлемі	240 ECTS
14.	Оқу тілі	Қазақ, ағылшын, орыс тілі
15.	Жаңа кәсіптер атласы	-
16.	Аймақтық стандарт	-
17.	Кадрларды даярлау бағытына лицензияға қосымшаның болуы	болды
18.	Даярлау бағытына арналған лицензияның нөмірі	KZ81LAM00001263
19.	Бағдарламаны аккредиттеудің болуы	НАОКО
20.	Оқытудың қалыптасқан нәтижелері	Қаржылық технологиялар бағдарламасының түлектері көптілді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгерген, командада тиімді жұмыс істей алатын және этикалық қағидаттарды ескере отырып көшбасшылық қасиеттерді көрсете алатын мамандар болып табылады. Олар қаржылық және басқарушылық мәселелерді шешуде аналитикалық ойлауды, сандық әдістер мен цифрлық құралдарды қолдана алады. Бағдарлама студенттерді нарықтық ортаны түсінуге, негізделген бизнес-шешімдер

		қабылдауға және қаржылық тәжірибеге технологияларды интеграциялауға дайындайды. Алынған білім мен дағдылар академиялық және кәсіби ортада нақты қолдануға бағытталған.
--	--	---

4. Кәсіптік стандарттар (КС), кәсіп карточкалары, еңбек функциялары

№	КС атауы	Кәсіп карточкалары	Еңбек функциялары
1	Инновациялық жобаларды қаржыландыру	Қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі маман	1. Жобалық кезеңге дейінгі инвестициялық талдау 2. Ұйымның инвестициялық қызметін дамыту және қаржылық қолдау 3. Портфельдік компанияларды қолдау 4. Инвестицияларды мониторингтеу 5. Инвестициялық мәмілелерді құрылымдау 6. Портфельден шығуды басқару (IPO және саудалық сатылымдар) 7. Инвесторлар желісін күнделікті қызметке қосу 8. Қаржылық қызметтер пакетін әзірлеу 9. Венчурлық капитал (VC) формасын әзірлеу 10. Тәуекелдерді анықтау, бағалау және дәрежелену
2	Қаржылық менеджмент	Қаржы менеджері	1. Компания қызметін қаржыландыруды ұйымдастыру 2. Компания қызметінің қаржылық жоспарын құру 3. Компания активтерін басқару 4. Шаруашылық қызмет нәтижелерін талдау, есепке алу және бақылау

5. ББ құзыреттерінің тізімі

- ЖБҚ 1 Этикалық қағидаларға, әлеуметтік жауапкершілікке және Қазақстанның заңнамалық негізіне сәйкес әрекет ету.
- ЖБҚ 2 Этикалық, мәдени, саяси және әлеуметтік жүйелерді, оның ішінде мінез-құлыққа социологиялық көзқарастарды түсіну.
- ЖБҚ 3 Өнерді, эстетиканы және мәдени мұраны бағалау; әртүрлілікті құрметтеу және өзін-өзі дамытуға ұмтылу.
- ЖБҚ 4 Сын тұрғысынан ойлау, дәлелдерді талдау, пікірталастарға, дебаттарға және көпшілік алдында сөйлеуге қатысу.
- ЖБҚ 5 Әлеуметтік жағдайларда бағдарлану, өз пікірін құрметпен білдіру, ынтымақтасу және қақтығыстарды шешу.
- ЖБҚ 6 Қазақ, орыс және бір шет тілінде ауызша және жазбаша түрде тиімді қарым-қатынас жасау.
- ЖБҚ 7 Кең көзқарасқа ие болу, тәуелсіз ойлау және күрделі жағдайларда негізделген шешімдер қабылдау.
- ЖБҚ 8 Цифрлық құралдарды жауапты пайдалану, киберқауіпсіздік және онлайн-этиканы қоса алғанда, цифрлық сауаттылықты көрсету.
- ЖБҚ 9 Экологиялық және тұрақты даму мәселелерін түсіну; шешім қабылдауда және қоғамдық қызметте ESG қағидаттарын қолдану.
- БҚ 1 Қаржылық және экономикалық талдау мен шешім қабылдау үшін математикалық және статистикалық модельдерді құру және қолдану.
- БҚ 2 Зерттеулер жүргізу және деректерді талдау арқылы елдердің, салалардың және кәсіпорындардың экономикалық жағдайын бағалау.
- БҚ 3 Бюджеттеу, шығындарды талдау, қаржылық жоспарлау және ресурстарды оңтайландыруды жүзеге асыру.
- БҚ 4 Бизнес жүргізуде бухгалтерлік есеп қағидаттары мен қаржылық есептілік стандарттарын түсіну және қолдану.
- БҚ 5 Нарықтық және инвестициялық талдау жүргізу, IT құралдарын пайдалана отырып, ұлттық және халықаралық деңгейде стратегиялар әзірлеу.

- БҚ 6 Excel, MATLAB, SAP және басқа ИКТ құралдарын қаржылық талдау, есеп беру және модельдеу үшін пайдалану.
- БҚ 7 Қаржылық құралдар мен шешімдерге қатысты бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және тестілеу қағидаттарын қолдану.
- БҚ 8 Корпоративтік ақпараттық жүйелерді әзірлеу және басқару; сәйкестік пен есептілікті қамтамасыз ету үшін технологияларды енгізу.
- БҚ 9 Кәсіпорын шеңберінде командаларды, жобаларды және ресурстарды тиімді ұйымдастыру және басқару.
- БҚ 10 Портфельді басқару, бағалы қағаздарды бағалау және нарық динамикасын талдау үшін қаржы нарығы қағидаттарын қолдану.
- БҚ 11 Қаржылық шешім қабылдау, корпоративтік басқару және кәсіби қызмет барысында этикалық стандарттарды қолдану.
- БҚ 12 Ұлттық және халықаралық контексте қаржылық реттеу мен нормативтік талаптарды (мысалы, ХҚЕС, AML, Базель) түсіну.
- КҚ 1 Модельдеу, болжау және шешім қабылдау үшін стохастикалық үдерістер мен қаржылық математиканы қолдану.
- КҚ 2 Мүлікті және міндеттемелерді басқаруды, инвестицияларды бағалауды қоса алғанда, терең қаржылық талдау жүргізу.
- КҚ 3 Қаржылық инновациялар, технологиялар және инвестициялық өнімдерді әзірлеу және енгізу.
- КҚ 4 Фундаменталды және техникалық талдауды қолдана отырып, инвестициялық стратегияларды әзірлеу және іске асыру.
- КҚ 5 Қаржы нарықтарын талдау үшін Big Data, бұлттық есептеу және заманауи аналитикалық құралдарды пайдалану.
- КҚ 6 Сандық модельдер мен стратегиялық бағалау әдістерін қолдана отырып, қаржылық тәуекелдерді басқару.
- КҚ 7 Қаржылық модельдеу, сәйкестік және шешім қабылдау жүйелерінде ЖИ, машиналық оқыту және автоматтандыру құралдарын қолдану.
- КҚ 8 Белгісіздік, тәуекел және нарықтық құбылмалылық жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдау және көшбасшылық көрсету.

6. ББ оқыту нәтижелерінің тізімі

- ОН1 Академиялық және кәсіби контекстерде қазақ, орыс және ағылшын тілінде ауызша және жазбаша сенімді қарым-қатынас жасау.
- ОН2 Басқарушылық және техникалық шешімдер қабылдау қабілетін, бастамашылдықты, психологиялық дайындықты, сондай-ақ тұлғааралық, командамен жұмыс істеу және көшбасшылық дағдыларын көрсету.
- ОН3 Этикалық ойлау қабілетін көрсету және қаржы, басқару және технология салаларында бизнес шешімдер қабылдауда этикалық аспектілерді ескеру.
- ОН4 Сандық деректерді талдау және басқарушылық мәселелерді шешу үшін математикалық, статистикалық және жүйелік әдістерді пайдалану.
- ОН5 Негізгі әлеуметтік-экономикалық және салалық мәселелерді анықтау және талдау, ұйымдардың тиімділігін және әртүрлі деңгейлердегі экономикалық әлеуетті бағалау.
- ОН6 Нарық пен іскерлік ортаны талдау, стратегиялық жоспарлар әзірлеу және ресурстарды басқару үшін цифрлық және талдамалық құралдарды пайдалану.
- ОН7 Blockchain, цифрлық төлем жүйелері және смарт-келісімшарттар сияқты қаржылық технологияларды пайдалана отырып шешімдерді жобалау және енгізу.
- ОН8 Модельдеу, болжау және портфельдік талдау құралдары арқылы қаржылық нәтижелер мен тәуекелдерді бағалау.
- ОН9 Қаржылық жүйелерді әзірлеу мен басқаруға киберқауіпсіздік, деректерді қорғау және реттеу талаптарын енгізу.
- ОН10 Таңдалған қосымша білім беру бағдарламасында (minor) алынған білім мен дағдыларды кәсіби немесе академиялық жағдайларда қолдану.

**7. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижесі мен қалыптастырылатын
күзінеттермен сәйкестендіру матрицасы (V)**

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
ЖБҚ 1			v							
ЖБҚ 2			v							
ЖБҚ 3			v							
ЖБҚ 4	v									
ЖБҚ 5	v	v								
ЖБҚ 6	v									
ЖБҚ 7		v			v					v
ЖБҚ 8						v			v	
ЖБҚ 9					v					
БҚ 1				v						
БҚ 2					v					
БҚ 3					v			v		
БҚ 4					v			v		
БҚ 5					v	v				
БҚ 6				v		v	v	v		
БҚ 7							v			
БҚ 8							v		v	
БҚ 9	v	v				v				v
БҚ 10								v		
БҚ 11			v							
БҚ 12									v	
КҚ 1				v				v		
КҚ 2					v			v		
КҚ 3							v			
КҚ 4					v	v				
КҚ 5				v	v	v	v	v		
КҚ 6						v		v	v	
КҚ 7				v			v		v	
КҚ 8		v				v				v

8. ОН-нің еңбек функцияларымен байланысы

№	ОН	Еңбек функциялары
1	Академиялық және кәсіби контекстерде қазақ, орыс және ағылшын тілінде ауызша және жазбаша сенімді қарым-қатынас жасау.	Кадрлармен жұмыс; Шаруашылық қызмет нәтижелерін талдау, есепке алу және бақылау; Портфельдік компанияларды қолдау / инвесторлармен өзара іс-қимыл
2	Басқарушылық және техникалық шешімдер қабылдау қабілетін, бастамашылдықты, психологиялық дайындықты, сондай-ақ тұлғааралық, командамен жұмыс істеу және көшбасшылық дағдыларын көрсету.	Кадрлармен жұмыс; Қызметті талдау және бақылау; Портфельдік компанияларды қолдау / инвесторлармен өзара іс-қимыл
3	Этикалық ойлау қабілетін көрсету және қаржы, басқару және технология салаларында бизнес шешімдер қабылдауда этикалық аспектілерді ескеру.	Қызметті талдау және бақылау; Инвестициялық саясат; Инвестициялық мәмілелерді құрылымдау; Инвестицияларды мониторингтеу және есеп беру

4	Сандық деректерді талдау және басқарушылық мәселелерді шешу үшін математикалық, статистикалық және жүйелік әдістерді пайдалану.	Болжам жасау, модельдеу, тиімділік пен тәуекелдерді бағалау; Жобалардың қаржылық-экономикалық негіздемесі
5	Негізгі әлеуметтік-экономикалық және салалық мәселелерді анықтау және талдау, ұйымдардың тиімділігін және әртүрлі деңгейлердегі экономикалық әлеуетті бағалау.	Нарық пен макроэкономикалық үрдістерді талдау; Трендтерді зерттеу; Стратегиялық шешімдерді әзірлеу
6	Нарық пен іскерлік ортаны талдау, стратегиялық жоспарлар әзірлеу және ресурстарды басқару үшін цифрлық және талдамалық құралдарды пайдалану.	Цифрлық стратегияларды қалыптастыру; Аналитикалық құралдарды пайдалану; Жобаларды басқару
7	Blockchain, цифрлық төлем жүйелері және смарт-келісімшарттар сияқты қаржылық технологияларды пайдалана отырып шешімдерді жобалау және енгізу.	Блокчейн, цифрлық төлемдер және смарт-келісімшарттар негізінде қаржылық шешімдерді әзірлеу
8	Модельдеу, болжау және портфельдік талдау құралдары арқылы қаржылық нәтижелер мен тәуекелдерді бағалау.	Жобалардың тиімділігін бағалау; Тәуекелдерді талдау; Эконометрикалық және статистикалық үлгілерді пайдалану
9	Қаржылық жүйелерді әзірлеу мен басқаруға киберқауіпсіздік, деректерді қорғау және реттеу талаптарын енгізу.	Қаржылық қауіпсіздік жүйелерін әзірлеу және қолдау; Құқықтық құжаттарды жанарту
10	Тандалған қосымша білім беру бағдарламасында (minor) алынған білім мен дағдыларды кәсіби немесе академиялық жағдайларда қолдану.	Қолданбалы немесе зерттеу жобаларына қатысу; Кәсіби ортада білімді қолдану

9. Құзыреттер, оқыту нәтижелері, бағалау критерийлері мен әдістері өзара байланысының кестесі

ББ түлегінің құзіреттері	Күтілетін оқыту нәтижелерінде көрінетін құзіреттер	Бағалау критерийлері	Бағалау әдісінің атауы
Жалпы білім құзіреттері			
ЖБҚ 1	ОН 3	Этикалық нормалар мен заңдарды түсінеді және оларды жағдайлар мен пікірталастарда қолданады	Кейс-анализ, аналитикалық эссе, жабық немесе ашық сұрақтармен тестілеу
ЖБҚ 2	ОН 3	Әлеуметтік және мәдени факторлардың мінез-құлыққа әсерін негіздейді; өз көзқарасын дәлелдейді	Эссе, презентацияны қорғау, талқылау
ЖБҚ 3	ОН 3	Мәдениет пен өнерге құрмет көрсетеді; мәдени іс-шараларға немесе жобаларға қатысады	Жоба, іс-шараға қатысу, аналитикалық эссе
ЖБҚ 4	ОН 1	Өз көзқарасын дәлелдейді, пікірталастарға қатысады, мәтіндер мен идеяларды сыни талдайды	Пікірталас, көпшілік алдында сөйлеу, жабық немесе ашық сұрақтармен тестілеу
ЖБҚ 5	ОН 1, 2	Коммуникация, жанжалдарды шешу және топтық жұмыс дағдыларын көрсетеді	Топ ішінде бақылау, өзін-өзі бағалау, сауалнама
ЖБҚ 6	ОН 1	Қазақ, орыс және шет тілдерін сенімді түрде ауызша және жазбаша қолданады	Ауызша және жазбаша презентация, жабық немесе ашық сұрақтармен тестілеу
ЖБҚ 7	ОН 2, 5, 10	Тәуелсіз ойлау мен логикалық негізделген шешімдер қабылдауды көрсетеді	Жағдайлық тапсырмалар, кейс-анализ
ЖБҚ 8	ОН 6, 9	Онлайн ортада цифрлық қауіпсіздік пен этика дағдыларын көрсетеді	Компьютерлік тестілеу, практикалық жұмыс, жоба дайындау
ЖБҚ 9	ОН 5	Экологиялық мәселелерді талдайды, ESG қағидаттарын жағдайларда қолданады	Жоба, аналитикалық эссе, жағдайлық талдау
Базалық құзіреттер			

БҚ 1	ОН 4	Академиялық мәтіндерді талдайды және негізгі идеяларды бөліп көрсетеді	Аналитикалық эссе, жабық немесе ашық сұрақтармен тестілеу
БҚ 2	ОН 5	Негізгі математикалық және аналитикалық әдістерді қолданады	Тестілеу, жаттығулар
БҚ 3	ОН 5, 8	АКТ көмегімен практикалық тапсырмаларды орындайды	Практикалық жұмыс, жеке немесе топтық жоба жасау
БҚ 4	ОН 5, 8	Деректерді жинау және талдау үшін цифрлық технологияларды қолданады	Практикалық жұмыс, қолданбалы жағдайларды шешу (кейс-анализ)
БҚ 5	ОН 5, 6	Деректерді интерпретациялайды, статистикалық әдістерді қолданады	Тест, зертханалық жұмыс
БҚ 6	ОН 4, 6, 7, 8	Күрделі жағдайларды талдайды және шешімдер ұсынады	Жоба, топтық жұмыс
БҚ 7	ОН 7	Көшбасшылық қасиеттерді және командада жұмыс істеу қабілетін көрсетеді	Бақылау, сауалнама немесе рефлексиялық есеп арқылы өзін-өзі бағалау
БҚ 8	ОН 7, 9	Жаһандық ортадағы әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарды түсінеді	Эссе, презентацияны дайындау және қорғау
БҚ 9	ОН 1, 2, 6, 10	Азаматтық ұстанымды көрсетеді және этикалық нормаларды сақтайды	Кейс-анализ, пікірталас
БҚ 10	ОН 8	Оқу және сыныптан тыс қызметте бастамашылық көрсетеді	Портфолио, өзіндік есеп
БҚ 11	ОН 3	Мәдени айырмашылықтар мен мұраны құрметтейді	Эссе, іс-шараларға қатысу
БҚ 12	ОН 9	Күнделікті өмірде тұрақты даму қағидаттарын қолданады	Жоба, жағдайлық талдау
Кәсіби күзінеттер			
КҚ 1	ОН 4, 8	Кәсіби тапсырмаларды талдайды және шешімдер ұсынады	Практикаға бағытталған жеке немесе топтық жоба дайындау
КҚ 2	ОН 5, 8	Кәсіби қызметте цифрлық және математикалық әдістерді қолданады	Зертханалық жұмыс, қолданбалы жағдайларды шешу (кейс)
КҚ 3	ОН 7	Топтық жобаларға қатысады және бастамашылық танытады	Топтық бағалау, есеп
КҚ 4	ОН 5, 6	Кәсіби деректерді интерпретациялайды және АКТ қолданады	Жазбаша тапсырма, практика
КҚ 5	ОН 4, 5, 6, 7, 8	Кәсіби тапсырмаларды кешенді түрде орындайды	Жоба, кешенді емтихан
КҚ 6	ОН 6, 8, 9	Қауіпсіздік пен тұрақтылықты ескере отырып заманауи технологияларды қолданады	Зерттеу, жеке немесе топтық жоба дайындау
КҚ 7	ОН 4, 7, 9	Стратегиялық ойлау мен жауапкершілікті қалыптастырады	Рефлексия, пікірталасқа дәлелдермен қатысу
КҚ 8	ОН 2, 6, 10	Экономикалық және басқарушылық аспектілерді талдайды	Аналитикалық тапсырма, кейс

10. Білім беру бағдарламасының модульдері туралы мәліметтер

Модуль коды және модуль атауы	Модуль көлемі (енбек сыйымдылығы)	Оқыту нәтижелері	Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері	Модульді қалыптастыратын пәндер, Коды және атауы
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МОДУЛЬДЕРІ				
OOM6002 Тіл және АКТ-дағдыларын дамыту модулі	25	Студент оқу және кәсіби қарым-қатынас үшін шет тілін және мемлекеттік тілді тиімді қолдана білуі, сондай-ақ стандартты оқу және жұмыс тапсырмаларын орындау үшін базалық цифрлық дағдыларды меңгеруі тиіс.	Бағалау шет тілі мен мемлекеттік тілді ауызша және жазбаша түрде қолдану қабілетіне, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдысына негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша және ауызша емтихандар, тестілер, практикалық тапсырмалар, презентациялар және жобаны қорғау жатады.	LAN6001A - Шет тілі
				LAN6001KR - Қазақ (орыс) тілі
				LAN6002A - Шет тілі
				LAN6002KR - Қазақ (орыс) тілі
				ICT6001 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
OOM6001 Әлеуметтік-мәдени даму модулі	18	Студент Қазақстан қоғамының тарихи, философиялық, мәдени және әлеуметтік негіздерін түсініп, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардағы негізгі идеялар мен үдерістерді талдай білуі тиіс.	Бағалау студенттің тарихи деректерді, философиялық және әлеуметтанулық тұжырымдамаларды түсіндіру және сын тұрғысынан бағалау қабілетіне, сондай-ақ гуманитарлық және әлеуметтік зерттеу әдістерін қолдануына негізделеді. Бақылау әдістеріне эссе, жазбаша емтихандар, ауызша жауаптар, тестілер, презентациялар және жоба тапсырмалары кіреді.	HK6002 - Қазақстан тарихы
				SPS6006 - Мәдениеттану-Психология
				SPS6007 - Әлеуметтану-Саясаттану
				SPS6001 - Философия
OOM6004 Жеке және әлеуметтік даму модулі	25	Студент құқық негіздері, экологиялық тұрақтылық, инклюзивті білім беру, жеке қауіпсіздік және қаржылық сауаттылық салаларында білімін көрсетіп, азаматтық өмірге және тұрақты дамуға жауапкершілікпен қатысуға дайын болуы тиіс.	Бағалау студенттің құқықтық және қаржылық білімді қолдану, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау, сондай-ақ кәсіби және әлеуметтік контексте төзімділік пен инклюзивтілікті көрсету қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне тесттер, жазбаша емтихандар, кейс-талдау, эссе, презентациялар, практикалық тапсырмалар және жобалар жатады.	LAW6007 - Заң және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері
				JUR6413 - Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері
				JUR 6505 - Экология және тұрақты даму
				HUM6400 - Инклюзивтік білім беру
				ECO6007 - Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері

ООМ6003 Дене шынықтыру модулі		8Студент дене мәдениетінің негіздерін, негізгі қозғалыс дағдыларын меңгеріп, салауатты өмір салтын ұстану және дене белсенділігін жеке және кәсіби дамудың ажырамас бөлігі ретінде қабылдауы тиіс.	Бағалау студенттің физикалық дайындығын, дене тәрбиесінің теориялық негіздерін білуін, спорттық және сауықтыру іс-шараларына қатысуын, дене белсенділігі стандарттарын орындауын қамтиды. Бақылау әдістеріне практикалық сынақтар, физикалық төзімділік тестілері, жарыстарға қатысу және дене белсенділігі күнделігін жүргізу жатады.	PhC6005 - Дене шынықтыру PhC6006 - Дене шынықтыру
БАЗАЛЫҚ МОДУЛЬДЕР				
BM6721 Есеп және аудит модулі		33Студент қаржылық және басқарушылық есеп принциптерін қолдана білуі, қаржылық есептілікті талдай алуы, салық міндеттемелерін есептеуі, аудиттік процедураларды орындауы және есеп процестерін автоматтандыру мен қаржылық ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету үшін ERP жүйелерін пайдалана білуі тиіс.	Бағалау студенттің бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізу, қаржылық есептерді құрастыру және түсіндіру, басқарушылық талдау әдістерін қолдану, аудиттік тапсырмаларды орындау және ERP жүйесінің модульдерін пайдалану қабілетін анықтайды. Бақылау әдістеріне жазбаша емтихандар, кейс-талдаулар, тестілер, есептік және практикалық тапсырмалар, жобаны қорғау және ERP платформасындағы зертханалық жұмыстар кіреді.	ACC6701 - Бизнес және технология (ACCA) ACC6704 - Қаржы есебі ACC6703 - Басқарушылық есеп FIN6714 - Салық және салық салу FIN6718 - Аудит SFT6143 - ERP негіздері (ERP-1) MGT6732 - 1C: Бухгалтерлік есеп
BM6722 Математикалық дайындық модулі		15Студент математикалық талдау, сызықтық алгебра және статистиканың базалық және кеңейтілген әдістерін академиялық және кәсіби ортада қолдана отырып, есептерді шешіп, моделдеу, есептеу және деректерді интерпретациялау дағдыларын көрсетуі тиіс.	Бағалау студенттің математикалық және статистикалық есептерді шешу, есептеулер жүргізу, математикалық модельдер құру, сандық деректерді талдау және негізделген қорытындылар жасау қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша емтихандар, тестілер, есептік және графикалық тапсырмалар, жеке немесе топтық жобаларды қорғау кіреді.	MAT6009 - Математика 1 MAT6010 - Математика 2 MAT6012 - Статистика
BM6723 Практика модулі		10Студент теориялық білімін практикада қолдана білуі, нақты немесе модельденген жұмыс жағдайында кәсіби тапсырмаларды орындай алуы, өндірістік ортаны талдай білуі, кәсіби этика	Бағалау студенттің практика барысында тапсырмаларды орындау, өзінің қызмет нәтижелерін талдау және құжаттау, басшылықпен және әріптестермен тиімді өзара әрекеттесу, мерзімдер мен талаптарды сақтау қабілетіне негізделеді. Бақылау	EP6701 - Оқу тәжірибесі IP 6702 - Өндірістік практика IP6703 - Өндірістік практика

		нормаларын сақтауы және мамандығына сәйкес дербес жұмысқа дайын болуы тиіс.	әдістеріне тәжірибе есебі, тәжірибе күнделігі, есепті қорғау немесе презентация, практика орнынан берілген мінездеме жатады.	
BM6724 Бизнес негіздері модулі	13	Студент кәсіпкерлік құқық, менеджмент және маркетингтің негіздерін меңгеріп, бұл білімдерді бизнес ортасын талдау, қызметті жоспарлау және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолдана білуі тиіс.	Бағалау студенттің кәсіпкерлік қызметте құқықтық нормаларды қолдану, нарықтық жағдайды талдау және басқарушылық пен маркетингтік шешімдерді әзірлеу қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша емтихандар, тестілер, кейс-талдаулар, презентациялар, бизнес-жоспар әзірлеу және іскерлік ойындарға қатысу жатады.	LAW6001 - Кәсіпкерлік құқық
				MGT6701 - Менеджмент
				MRK6701 - Маркетинг
BM6725 әсіби ағылшын тілі модулі Шифр модуля	10	Студент кәсіби қызметке байланысты тапсырмаларды орындау үшін кәсіби-бағытталған ағылшын тілін ауызша және жазбаша түрде тиімді қолдана білуі, іскерлік хат алмасу, презентациялар жасау, мамандандырылған мәтіндерді оқу және талдау, сондай-ақ кәсіби коммуникацияға қатысуы тиіс.	Бағалау студенттің тиісті терминологияны қолдану, тілдік құрылымдарды кәсіби контексте қолдану, мамандандырылған материалдарды түсіну және кәсіби қарым-қатынасқа қатысу қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша және ауызша емтихандар, тестілер, кейстік тапсырмалар, презентациялар, іскерлік жазбаша жұмыстар және жобаны қорғау жатады.	LAN6001PA - Кәсіби бағытталған шет тілі 1
				LAN6001PA2 - Кәсіби бағытталған шет тілі 2
BM6726 Қаржылық технологияларға кіріспе модулі	20	Студент қаржылық технологиялар саласындағы негізгі ұғымдар мен технологияларды — блокчейн, жасанды интеллект, машиналық оқыту және смарт-келісімшарттарды түсініп, оларды қаржы саласында қолдана білуі тиіс.	Бағалау студенттің қаржылық технологиялардың жұмыс істеу қағидаларын түсіндіру, олардың әлеуеті мен тәуекелдерін бағалау, ИИ мен МО-ның негізгі алгоритмдерін қолдану және цифрлық шешімдерді енгізудің нақты кейстерін талдау қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша емтихандар, тестілер, кейс-талдаулар, презентациялар, зертханалық және жобалық жұмыстар жатады.	SFT6322 - Жасанды интеллектке кіріспе
				FIN6716 - FinTech-ке кіріспе
				FIN6101 - Блокчейн технологиялары және смарт-келісімшарттар
				FIN6102 - Қаржы саласындағы жасанды интеллект және машиналық оқыту
BM6727 Экономика модулі	10	Студент микро және макроэкономиканың негізгі ұғымдарын түсініп, экономикалық агенттердің әрекетін, нарық	Бағалау студенттің экономикалық модельдер мен талдау құралдарын қолдану, графиктер мен көрсеткіштерді түсіндіру, жеке және ұлттық деңгейде экономикалық	ECO6701 - Микроэкономика
				ECO6702 - Макроэкономика

		құрылымдарын, макроэкономикалық көрсеткіштерді және мемлекеттік экономикалық саясатты талдай білуі тиіс.	шешімдерді негіздеу қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша емтихандар, тестілер, есептерді шешу, кейс-талдау, графикалық тапсырмалар және іскерлік ойындарға қатысу жатады.	
BM6729 Зерттеу және аналитика модулі	9	Студент ғылыми зерттеу әдістемесі мен қаржылық талдау құралдарын қолдана білуі, шешімдерді негіздеу үшін деректерді визуализациялау құралдарын пайдалана алуы, сондай-ақ академиялық стандарттарға сәйкес аналитикалық және зерттеу жобаларын әзірлеп, ұсынуы тиіс.	Бағалау студенттің зерттеу сұрақтарын тұжырымдау, деректер жинау және талдау, нәтижелерді интерпретациялау, ақпаратты визуализациялау және қорытындыларды ауызша әрі жазбаша түрде ұсыну қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша жұмыстар, презентациялар, жобаларды қорғау, кейс-талдаулар, тесттер және Excel, Power BI немесе ұқсас платформаларда практикалық тапсырмалар кіреді.	FIN6722 - Қаржылық аналитика және деректерді визуализациялау
				RM6701 - Зерттеу әдістемесі
BM6728 Майнор модулі	15	Студент таңдалған майнор шеңберінде арнайы білім мен дағдыларды меңгеріп, оларды негізгі кәсіби дайындықпен интеграциялай алуы, сондай-ақ пәнаралық контексте қолданбалы мәселелерді талдау, негіздеу және ұсынуы тиіс.	Бағалау студенттің мамандандырылған білімді кәсіби ортаға бейімдеу, қолданбалы немесе зерттеу жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру, нәтижелерді ауызша және жазбаша түрде ұсыну қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне емтихандар, жобалық және практикалық тапсырмалар, презентациялар, кейс-талдаулар және қорытынды жұмыстарды қорғау жатады.	MNR6701 - Майнор 1
				MNR6702 - Майнор 2
				MNR6703 - Майнор 3
КӘСІБИ МОДУЛЬДЕР				
PM6721 Қаржы модулі	41	Студент классикалық қаржы саласының негізгі ұғымдарын меңгеруі тиіс, оған корпоративтік қаржы, қаржы нарықтары мен институттары, қаржылық тәуекелдерді басқару, қаржылық есептілікке талдау жасау, инвестицияларды бағалау және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін қаржылық модельдер құрастыру жатады.	Бағалау студенттің компанияның қаржылық есептілігін талдау, негізгі қаржылық коэффициенттерді есептеу, инвестициялық және қаржылық шешімдерді дәстүрлі әдістермен (мысалы, DCF, NPV) бағалау, ақша ағыны мен капиталды басқару модельдерін әзірлеу, сондай-ақ қаржылық тәуекелдерді басқару тәсілдерін қолдану қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне жазбаша емтихандар, есептік тапсырмалар, кейс-талдаулар, жобаны қорғау, тестілер	FIN6701 - Қаржы
				FIN6704 - Қаржы нарықтары және делдалдар
				FIN6702 - Корпоративтік қаржы
				FIN6705 - Қаржылық есепті талдау
				FIN6703 - Қаржы менеджменті
				FIN6709 - Қаржылық тәуекелдерді басқару
				FIN6710 - Қаржылық инвестициялар
				FIN6711 - Қаржылық модельдеу

			және Excel бағдарламасында қаржылық модельдеу жатады.	
PM6722 Қолданбалы қаржылық технологиялар модулі	39	Студент қаржы саласындағы цифрлық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды, соның ішінде комплаенсті автоматтандыруды, деректерді басқаруды, алгоритмдік сауданы, цифрлық сақтандыруды және банк инновацияларын қолдана білуі тиіс. Сонымен қатар студент бағдарламалау тілдері мен дерекқорларды пайдалана отырып, цифрлық қаржылық жүйелер мен процестерге арналған шешімдерді талдап, әзірлей алуы қажет.	Бағалау студенттің цифрлық қаржылық платформаларды жобалау және пайдалану, дерекқорлар мен бағдарламалық алгоритмдерді талдауға біріктіру, алгоритмдік сауда мен портфельді оңтайландыруды модельдеу, сондай-ақ цифрлық ортада регуляторлық талаптарды сақтау қабілетіне негізделеді. Бақылау әдістеріне Python тілінде зертханалық жұмыстар, қаржылық процестерді модельдеу, жобалар, кейсті қорғау, жазбаша емтихандар және есеп пен презентациямен қорытындыланатын өндірістік практика кіреді.	FIN6723 - Дәстүрлі және цифрлық сақтандыру жүйелері
				FIN6721 - Реттеуші технологиялар және сәйкестік автоматтандыруы
				FIN6724 - Цифрлық банктік жүйелер мен инновациялар
				PP6704 - Диплом алдындағы тәжірибе
				FIN6103 - Қаржы жүйелеріндегі дерекқорлар
				FIN6104 - FinTech саласындағы деректерді Python арқылы өңдеу
				FIN6725 - Деривативтер нарығы және алгоритмдік сауда
				FIN6726 - Дәстүрлі және автоматтандырылған портфельді басқару

11. Білім беру бағдарламасы пәндері туралы мәліметтер

№	Пәннің коды мен атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Пәнге жұмсалатын уақыт кредиттермен	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтары)	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беру пәндер циклы (ЖБП)						
Міндетті компонент (МК)						
1	LAN6001A - Шет тілі	Курс английского языка предназначен для студентов 1 курса МУИТ с базовыми знаниями общего английского языка. Курс охватывает общие темы, такие как страны и национальности, семья и друзья, распорядок дня, место проживания, путешествия, спорт, хобби и т. д. Каждая тема изучается посредством соответствующего глоссария и целевых грамматических структур в различных видах аудирования, чтения, устной речи и письма.	5	ОН1,2		LAN6002A - Шет тілі
2	LAN6001KR - Қазақ (орыс) тілі	Курс "Казахский/русский язык" направлен на совершенствование языковых, речевых, коммуникативных компетенций. Его задача - улучшить языковые способности учащихся, развить навыки и умения в четырех видах речевой деятельности (говорение, аудирование, чтение, письмо). Содержание типовой учебной программы общеобразовательной дисциплины "Казахский/русский язык" включает темы семинарских (практических) занятий и самостоятельной работы студентов. Обучение проводится на 3 уровнях: А, В, С.	5	ОН1,2		LAN6002KR - Қазақ (орыс) тілі
3	LAN6002A - Шет тілі	Курс общего английского языка для студентов 1 курса охватывает темы образования, карьеры, традиций и культуры. Он развивает речевые навыки, коммуникативные компетенции и языковую осведомленность через интерактивные методы обучения и самостоятельную работу (СРС и СРС).	5	ОН1,2	LAN6001A - Шет тілі	
4	LAN6002KR - Қазақ (орыс) тілі	Курс основан на коммуникативно-ориентированном подходе, сочетая элементы проблемного и индивидуализированного обучения. Он развивает языковые и речевые компетенции, системно изучает лексику и готовит студентов к эффективному использованию языка в реальных ситуациях общения.	5	ОН1,2	LAN6001KR - Қазақ (орыс) тілі	

5	ICT6001 - Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар	Информационно-коммуникационные технологии — курс, посвященный изучению современных методов и средств обработки, хранения, передачи и защиты информации. Рассматриваются основы работы с цифровыми технологиями, интернет-ресурсами, программным обеспечением, а также их применение в профессиональной и повседневной деятельности.	5	ОН6,9		
6	НК6002 - Қазақстан тарихы	Программа направлена на формирование исторического сознания студентов через изучение современной истории Казахстана. Особое внимание уделяется самобытности, национальной идентичности и модернизации общественного сознания в рамках программы «Рухани жаңғыру», с опорой на духовные и культурные традиции.	5	ОН3,5		
7	SPS6006 - Мәдениеттану- Психология	Курс формирует базу для изучения гуманитарных наук, развивает межкультурную коммуникацию и понимание социальной психологии. Используются ролевые игры, кейсы и проекты. Полученные знания применимы в личной, профессиональной и общественной сферах, а также в работе с людьми разных возрастов и социальных групп.	4	ОН2,3,5	НК6002 - Қазақстан тарихы	SPS6007 - Әлеуметтану- Саясаттану
8	SPS6007 - Әлеуметтану- Саясаттану	Курс охватывает ключевые аспекты социологии и политологии: изучение социальных явлений, исследовательских методов, политических систем и механизмов власти. Студенты развивают аналитическое мышление, различают научные подходы, учатся работать в команде и понимать общественно-политические процессы в национальном и глобальном контексте.	4	ОН2,3,5	SPS6006 - Мәдениеттану- Психология	
9	SPS6001 - Философия	Дисциплина относится к базовым общеобразовательным курсам в системе подготовки бакалавров с инженерным и экономическим образованием. Данный курс направлен на формирование у студентов открытости сознания, понимания собственного национального кода и национального самосознания, духовной модернизации, конкурентоспособности, реализма и прагматизма, независимого критического мышления, культа знания и образования, на усвоение таких ключевых мировоззренческих понятий, как справедливость, достоинство и свобода, а также на развитие и укрепление ценностей	4	ОН3,5		

		толерантности, межкультурного диалога и культуры мира.				
10	PhC6005 - Дене шынықтыру	Курс посвящен формированию физической культуры личности и способности направленного использования разнообразных средств физической культуры для сохранения и укрепления здоровья.	4	ОН2		
